

**Д. Ж. Кәрібек, 4-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: И. С. Рыстина, саясаттану кафедрасының**  
**оқытушысы**  
**(Еуразия ұлттық университеті)**

## **ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІ ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ АЛҒЫ ШАРТЫ РЕТІНДЕ**

Саяси мәдениеттің ерекшелігі қоғамдық топтардың экономикалық және әлеуметтік құрылымдарының жағдайларының өзгешелігінде, білімділік, жас ерекшелік және тағы басқа да белгілеріне байланысты. Мысалы, кейбір ерекшеліктер әйелдердің субмәдениетіне тән. Сонымен қатар әдебиеттерде байқалғандай Батыс елдерде бұл субмәдениетті сипаттайтын консервативті бағыттар ұйым мен партиясын қолдауға бағытталған осындай көп таралған құбылыс, сондай-ақ қоғамдық қозғалысқа қатыстырылған еркектермен салыстырғанда әйелдердің әлеуметтік түйісуінің біржақтылығының аздығы айқын дәрежеде ескертіледі.

Жастар субмәдениеті біраз ерекшелікпен ерекшеленеді. Жастарға ерекше әлеуметтік топ ретінде эмоционалды тұрақсыздық, максимализм, көтеріңкі қозғыштық пен жете түсініксіз психологиялық реакцияларға шалдыққыштық, өзін-өзі бағалау мен бақылау функция жүйесінің аяқталмағандығы тән. Кімнің мінез-құлқы немесе партиялық-саяси ұқсастығы төтенше ширақтықпен болжай алмайтын қабілеті болса, сондай психологиялық ерекшеліктер оны ең «қиын» саяси субъектіге айналдырады. Жастар жеңіл сендіру ықпалына түседі, саяси саудагерлік пен манипуляциялықтың құрбаны болады. Жастар субмәдениетіне неконформизм, радикализм, күштің, діннің басымшылық болуы, өмірдің сапасы мен қатысу мүмкіндігі ретінде құндылықтардың басым болуы тән қасиет. Аға буынға ең үлкен құндылық тұрақтылық, дәстүр, тәжірибе, материалдық молшылық пен ауқаттылық болып табылады.

Саяси мәдениетті зерттеуде қазіргі қолданылатын негізгі әдіс-тәсілдердің қатарында мыналарды атап көрсетуге болады:

– Институционалданған тәсіл саяси институттарды зерттеуге бағытталған: мемлекет оның органдары, үкімет бағдарламалары және басқа қоғамдық ұйымдар мен саяси партияларды, саяси қызметтерді басқаша тәсілдермен реттеу.

– Компоративті тәсіл саяси мәдениеттің әр түрлі түрлерін сонымен қатар олардың элементтерін салыстырмалы талдауға бағытталған: саяси бағыттау, саяси стереотиптер және мифтер, саяси мінез-құлықтың үлгілері мен модельдері және т.б.

– Тарихи тәсіл саяси мәдениеттің даму процесін зерттеуге негізделген.

– Социологиялық тәсіл саяси мәдениеттің бүтіндей қоғам дамуынан, оның әлеуметтік құрылымынан, экономикалық қатынастар жүйесінен, идеологиядан, дәстүрден және қоғамның менталитетінен тәуелсіздігін анықтауға бағытталған.

– Нормативті-құндылықты тәсіл қоғамға саяси мәдениеттің сол немесе басқа элементтерінің маңызын, олардың қоғамның әл-ахуалын көтерудегі рөлін, бостандық пен әділеттіліктің іске асуын айқындауды қарастырады.

– Жүйелік тәсіл — саяси мәдениет өзінің ұйымдасуында сыртқы ортамен және өзімен-өзі байланыста және қарым-қатынаста болатын элементтердің жиынтығынан тұратын біртұтас өзін-өзі реттеуші жүйе ретінде қарастырылады.

– Құрылымдық-функционалдық талдау саяси мәдениетті элементтердің өзара байланыста болатын, олардың әрқайсысы өзінің функциясын орындайтын біртұтас жүйе ретінде қарастыруға негізделген.

– Бихевиористік тәсіл саяси мәдениетті қарастыруда индивид пен әлеуметтік топтардың саяси мінез-құлқын талдау призмасы арқылы дәлелдеуге негізделеді.

– Антропологиялық тәсіл саяси мәдениетті адамның табиғатына сүйене отырып түсіндіреді.

– Коммуникативті әдіс ақпараттық ағымдар ретінде саяси әрекеттестікті олардың ішіндегі негізгісі саяси шешім мен оның саясат агенттеріне әсерлігін (реакциясын) қарастыра отырып саяси мәдениеттің кибернетикалық моделін жаңартуға болады.

Сонымен қатар саясаттануда талдаудың эмперикалық әдісі кеңінен қолданылады: анкета жүргізу, бақылау жасау, экспертті бағалау әдісі, саяси модельдеу әдісі, статистикалық материалдарды (мәлімет беру, ақпараттар жинау) талдау және т. б.

Қазақстандағы жастардың саяси мәдениетін зерттеуде осы тәсілдер әсіресе кеңінен пайдаланылады. Қазақстанның 2011-2012 жылдары аралығындағы динамикалық саяси жағдайын ескере отырып, Қазақстандағы жастардың саяси белсенділігіне мониторинг жүргізілді. Көптеген халықаралық сарапшылардың пікіріне сүйенсек әлемде жастардың саяси белсенділігінің бәсеңдеуі үрдісі орын алуда, сондықтан қазақстандық жастардың мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін анықтау мақсатында аталған мәселе бойынша мониторинг жүргізілді.

Зерттеу барысында респонденттер мемлекеттік органдардың және мемлекеттік қызметкерлердің жұмысына; қазақстандық жастардың ҚР Президентінің жылсайынғы Жолдауларының танымалдылығына баға беріп; сонымен қатар қазақстандық жастардың электоралды санасын және протесттік потенциалы деңгейінің өзгеру динамикасын зерттеді.

Біздің жазып жатқан ғылыми мақаланың негізгі мақсаты аталған зерттеуді сараптап, қазақстандық жастардың саяси санасының қалыптасу барысындағы теріс үрдістерді анықтауда жатыр.

#### **Жүргізілген зерттеудің негізгі нәтижелері:**

– Қазақстандық жастардың 80 % астамы ҚР Президентінің жұмысын тиімді деп бағалайды, сонымен қатар қыркүйек айымен салыстырғанда қазан айында сенімділік көрсеткіші жоғары деңгейді көрсетіп отыр;

– Жастардың 70 % астамы ҚР Үкіметінің жұмысына жағымды көз қараспен қарайды. Бұл көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсіп, жастардың өкіметтің жұмысына риза екенін көрсеткелі жатыр;

– Қазақстан Республикасының Парламентіне білдірген сенімділігі 60 % құрап отыр, бұл заңшығарушы биліктің жасардың жартысынан көп бөлігінің назарын тыс қалдырмай отырғанын көрсетеді.

– Жастардың жартысынан көбі Елбасының жылсайынғы Жарлығының мазмұнымен таныс;

– Жастардың саяси қарсылық көрсетудің негізгі түрлері болып митингтер мен шерулерге қатысу, мемлекеттік жергілікті органдарға хат жазу, БАҚ мақалалар жариялау, халықаралық құқыққорғау ұйымдарына ұсыныс тастау болып қалып отыр;

– Жастардың жартысынан көбі өткен сайлаулар тураы хабардар болып, оларға қатысып, өздерінің саяси сауаттылығын көрсетті.

– Жүргізілген зерттеудің нәтижесінде келесі амал шарттарды қолдану керек деп қорытынды шығардық:

– Мемлекет тарапынан жастармен жүргізіліп жатқан жұмысты сол бағытта жалғастыра беру, бұл бағдарламаның нәтижесі жоғарыда келтірілген жастардың саяси санасы мен белсенділігінің өсуінде көрініс тауып отыр;

– Қазақстандық жастардың қарсылық көрсету мүмкіндігін азайту мақсатында, алдын алу шараларын жүргізу, сонымен қатар саясатқа деген кері көз қарастары бар жастардың көп шоғырланған, шеттетілген аймақтарға ерекше назар аударып, қозып кетуі мүмкін шиеленістің латентті түрлерін анықтау үшін алдын алу шараларын жүргізу қажет;

– Жастардың саяси белсенділігін зерттеу мақсатында жүргізілетін бағдарламалар мен жобаларды әрі қарай жалғастырып, ғылыми көз қарас пен эмпирикалық зерттеу нәтижелерін қоса ала жүру қажет, бұл еліміздің азаматтық қоғамға жету жолындағы үлкен қадам болады.